

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FSHK7298>

***Ө. Сейсенқұлұлы¹, Ө. Әбдиманұлы²**

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0042-5936>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9134-5132>

*e-mail: seisenkulomirzhan@gmail.com

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНҢ ҚХР-ДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ОРНЫ

Абайдың рухани мұрасы қазіргі таңда тұтас адамзаттың рухани қазынасына айналып отыр. Абай есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінің биік шыңындағы Шекспир, Пушкин, Гетелермен қатар тұрады. Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ұлы тұлға екендігі бүгінде әлемге әйгілі шындық. Абайдың ағартушылық идеялары мен Абай мектебі ҚХР-дағы жазба әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үлкен ықпал етті, Абайдың ағартушылық идеялары тәлім-тәрбиемен қатар жүреді. Ол еңбек тәрбиесін-оқу мен білім алудың негізі деп түсінді. Абай жастарды жалқаулыққа салынбай, ғылым-білімді меңгеруге үндеді. Абайдың ағартушылық идеялары Қытай қазақтарының ғылым-білім үйренуіне үлкен жол ашты, Әсет Найманбай, Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбай, Жүсіпбек Қожа Шайықсылам Асқар Татанайұлы, Омарғазы Айтанұлы, Мағаз Разданұлы, Құрманәлі Оспанұлы, Боздақ Дүрбенбетұлы қатарлы ҚХР-дағы Қазақ жазушылары Абай мектебінен сусындаған, Абай және оның шығармалары ҚХР-дағы қазақ әдебиетшілерімен тығыз байланысты болып, оларға тікелей ықпал жасаған, Абай шығармалары ҚХР дағы қазақ әдебиетінің дамуында орны бөлек болып саналады.

Абай шығармашылығының Қытай қазақтарының рухани-мәдени өркеніеттік кеңістігін қалыптастырудағы орны мен үрдістерін әдеби, тарихи және әлеуметтік мәдениеттік тұрғыдан талдау жасалынды.

Кілтті сөздер: Абай, Абай шығармалары, ҚХР, қазақ жазушылары, қазақ әдебиеті, Әсет Найманбай, Таңжарық Жолдыұлы.

Кіріспе

Абай қатардағы жай ұстаз емес, ол өскелең саналы, аса ұлағатты ұстаз. Ол өздігінен білім алудың ұзақ жолын басты. Орыстың, шығыстың және батыс елдерінің өз дәуіріне дейінгі барлық әдебиет жетістіктерін оқып, үйренді әрі оны өзінің шығармашылық өнерге үлгі етіп, жасампаздықпен шебер пайдалана білді.

Қазақ халқының шаруашылығы тарихтан бері табиғаттың даяр сыйына сүйеніп, мал бағып күнелтуге негізделген шаруашылық болды. Оның үстіне, қазақ халқы әлеуметтік ортасында басқа ел халықтарымен қарым-қатынасы сирек болған тұйық жағдайда өмір сүрді. Абай қазақтың осындай дамымаған феодалдық қоғамдық ортасын, жұтаң, мешеу тіршілік күйін өзгертуге мәдени-ағарту мен білім таратуды қоғамдық-әлеуметтік кеселден азат етудің бірден-бір жолы деп білді. Осылайша Абайда жаңалыққа көшу немесе қоғамның алға басу қайнарын адамдардың сапалануынан іздейтін мәдени-ағарту көзқарасы мен идеясы туылды. Абайдың қара сөздері бізге оның мәдени-ағарту көзқарасы мен идеяларының тарихи негіздерін тауып, әрі оның пайда болған түп-төркінін тануымызға мүмкіндік әпереді. Сондай-ақ, Абайдың тарихқа көзқарасының биік өресі еді. Абайдың мәдени-ағарту көзқарасы сол тұстағы кертартпа ағартушылық идеяларға негізделмеді. Сонымен бірге томаға-тұйық «мұсылманшылық» ағарту-идеясындағы «Ақ патшаға» құлдық ұруға үндейтін діни-ағартушылардан да іргесін аулақ салған еді. Керісінше, Абайдың қоғамдық ағарту көзқарасы XIX ғасырдағы орыс ағартушы демократтарының озық идеяларымен танысып, және онымен етене байланыста болды.

Абай өзінің өршіл, озық идеялы поэзиялары мен ғақылиялары арқылы тұтас ұлтымызға сарқылмас мол білім, асыл қазына қалдырды. Ол қазақтың халық тілінен әдеби тілін қалай жасау керектігін, халықтық қорды қалай пайдалану дұрыс болатынын көрсетті.

Материалдар мен әдістері

Абайдың қазаққа берген тағылымы тұтас тұлғасымен тұрған бір мектеп болды. Абай тәлімдері Қытай қазақтарының тәрбиесіне жаңа Қытай құрылардан бұрын Кеңестік Қазақстан баспа-сөзімен оқулықтарынан тарап келді. Әсіресе 1951–1956 жылдары Шынжаңның өзінде Қазақстан оқулықтарының үлгісімен жасалған оқу құралдарында да едәуір көлемді орын алды. 1957–1980 жылдардағы тарихи аумалы-төкпелі кезеңде, мектеп тәрбиесінен қағыс қалтырылған Абай тәлімдері тек оның жаттамалық қасиетіне сүйеніп, халықтың көкейінде сақталды, жанұялық тәрбиеден ерекше орын иеледі және қолда бар басылым беттеріндегі шығармалары қастерлеп сақталып, қолдан-қолға өтіп, өз оқырманын тауып отырды. 1980 жылдардан бастап Қытай мемлекеттік оқу-ағарту министрлігінің

Шынжаңдағы аз санды ұлттардың әдебиет оқулығын өз тілінде, ұлттық тіл-жазудың өзіндік ерекшелігін көрнектілендіріп, сапасын мемлекет бойынша біртұтас құрастырған оқулықтардың өресінен төмендетпей, құрастыруға берген құқымен ұйғыр, қазақ, қырғыз тілдерінде бастауыш, орталау, орта мектеп әдебиет оқулықтары тұңғыш рет өз алдына құрастырыла бастады. Бұл Шынжаңда ұлттық әдебиет және грамматика оқулықтар құрылысындағы үлкен маңызға ие бір белес болды. Бұл жұмысқа қазақ тіл, әдебиет мамандары, баспагерлері күлшына жұмылып кірісті...

Қазірге дейін қазақ бастауыш-орта мектептерінің әдебиет оқулықтарына енген суреткер ақын Абай еңбектерінен мыналарды атаймыз: «күз», «қыс», «жаз», «жазғытұры, қараша желтоқсанмен сол бір екі ай», «интернатта оқып жүр», «қан сонарда», «ғылым таппай мақтанба», «әсемпаз болма әр неге», «жасымда ғылым бар деп ескермедім», «өзгеге көңілім тоярысың», «аттың сыны», «жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «сегіз ая», «Ескендір поэмасы» қатарлы төл тума поэзия; «теректің сиы», «емен мен шілік», «қазаға ұшыраған кара шекпен», «есек пен бұбұл», «шегіртке мен құмырысқа», «қарға мен түлкі» қатарлы аудармалары; «үшінші сөз», «алтыншы сөз», «жетінші сөз», «сегізінші сөз», «оныншы сөз», «он бесінші сөз», «он тоғызыншы сөз», «жиырма бірінші сөз», «жиырма бесінші сөз», «жиырма тоғызыншы сөз», «қырық төртінші сөзі» секілді қара сөздері оқулықтарға енген. Абайдың осы шығармаларынан ақынның ерекшелігін, тіл өзгешелігін, эстетикалық көзқарасын, педагогикалық ойларын, философиялық көзқарасын, қоғамдық идеяларын көруге болады... Абай қазақ оқулықтарының шеңберінен шығып, ұйғыр, қырғыз әдебиет оқулықтарынан да орын алып, санамалы шығармалары оқытыла бастады.

Абай: «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқасымен оздым ғой демектіктің бәрі ақымақтық» дейді. Мұнда оқу, өнер-білімге баса мән беріп, білімсіз, надандыққа қарсы тұрса әрі ақыл, ғылым, ар, мінез кімде жоғары болса, оның қоғамдық орны құндылығы да жоғары болады дейтін адам болудың өлшемін белгілейді.

Абай қазақ халқының сол замандағы қоғамдық ортадағы мешеулік, ғылым-білімнен артта қалушылығын жоюдағы қоғамдық өркениеттегі басты нәрсе -ғылым, оқу деп білді. Халық өнер үйренсе, басқа өнерлі, дамыған елдерден өнеге, ғибарат алса, сонда халық пайдалы кәсіпке де, егін салу, сауда істеу, колөнермен айналысуға да тез жаттығар еді деп қарайды.

Абай оқу-білім, өнердің маңыздылығын «адамшылық» яғни, өндіргіш күштегі адам факторымен байланыстырып, халықтың тұрмысына, өмірі мен шаруашылығына да пайдалы екендігін, өнер-білім техника халықтың шаруашылығын, материалдық өркениеті мен рухани өркениетін дамытуда төтенше пайдалы болатынын мысал арқылы түсіндіреді. Сондай-ақ қазақ

халқының мәдениеті дамыған елдерден үйренуде сақталған кемшіліктерінде көрсете сын тезіне алады. Абай өнерлі елдің өнерсіз қазақ елінен орнықтылығын көріп, оның өнері мен білімін үйрену, тұтас мұсылман елдері бой ұрып, бас иген араб елінен немесе дамыған батыс елдерінен ғана үйреніп қалмай, қазақпен іргелес жүрген көршілес өзбек, татар, ұйғыр халықтарының да озық өнер-білім техникасын үйренуге шақырады (Мәулітбек Рахметоллаұлы, 1995:12).

Оқу, ғылымды халыққа қызмет істеу үшін үйрен, өз қара басың үшін үйренбе. Тапқан өнеріңді, біліміңді ел үшін, жұрт үшін жұмса. Қазаққа күзетші боламын деп, бізде ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп, ниеттеніп үйрену керек дейді.

Абай мектебінің ҚХР-дағы Қазақ жазушыларына ықпалы.

Абайдың ағартушылық идеялары мен Абай мектебі ҚХР-дағы жазба әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үлкен ықпал етті. Құрманалы Оспан ұлы жазған «Абайдың өмірбаяны және шығармасының құны» деген мақаласында «Абай және оның шығармалары еліміз қазақ зерттеушілерімен тығыз байланыста болып оларға тікелей ықпал жасаған.» Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Абай еліміз үшін қазақ әдебиетінде бірінші орында, көш басында тұрады. Абай шетелде өскен болса да бірәк жүнгө қазақ халқының жүрегінде оны баяғысындай озының ақыны деп қарайды (Қабай, 2019: 305).

Шынжаң қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, Ғұлама ақын, дін қайраткері Ақыт Ұлымжы ұлы Қарымсақов 1868-жылдың тамыз айында Алтай аймағының Қайырты деген жерінде дүниеге келген, Әкесі Ұлымжынның өзіндік қана шағын дәулеті бар шаруа адамы болады. Ақыт жеті жасқа келген немере ағасы Садық Жебенұлынан онан кейін ауыл молласы Ғұрманнан оқып сауатын ашады. Жас кезінен бастап халық әдебиетінен сусындап, өлеі жырды зердесіне сіңіріп өседі. Кейінірек Бұқарадан келген оқымысты Махбұбұладан оқып, араб, парсы тілдерін үйренді (Зұфар СЕЙІТЖАНҰЛЫ, 1999: 172). Ақыт ҚХР-дағы қазақ әдебиет саласында ең алғаш Абай шығармасы мен танысқан, яғни Хәкім Абайды Қызылордадағы Қазақстан баспасынан шыққан толық жинағымен шамамен сол жылдың аяғында немесе 1935 жылдың басында танысады. Ақыт ХХ ғасырдың 30 жылдарыдағы қазақ жазушыларының мәлім дәрежедегі өкілі. Бұндай көзқарасты ортаға қою өте маңызды. Ақыттың Абайдан үйренуі – біршама көрнекті, алған өнімділігі жоғары болған. Бұл Ақыт Үлімжіұлының шығармашылық бағытына үлкен бұрылыс пен серпін әкеледі, ендігі жерде ол Абай мектебінің өнегесін жалғастырушы ретінде көзге түседі.

Ақыт Үлімжіұлы Абай мұраларының жоқтаушысы, насихаттаушысы ғана емес, қазақтың Қытайдағы алғашқы Абайтанушыларының бірі бола білді, бұған оның еңбегінен туған «Дәлеилу-ғақылия» еңбегі куә. Ақын

ұрпағы «Құран кәрімді» қазақ тілінде сөйлеткен белгілі дін қайраткері Ғәзез қажы Ақытұлының (1924–2012) куәлік беруінше Ақыт Үлімжіұлы бірде баласы қәлмәнмен әңгіме Үстінде оған «абай өлеңін ат ұсты оқып кеткен адам онай-оспақ түсіне қоймайды. бұл Абай өлеңінің ойлылығы, мәнінің тереңдігінен... құранға неге тәпсір жазылады? хәдиске неге шарх жазылады? мақсат жаңғырту, тұсындыру арқылы ғауам халыққа таныстыру емес пе?» дейді (Ерлан мазан, Еркінжан сіламжан, 2020: 19). міне, осыдан Ақыт Үлімжіұлының Абайға жай еліктемегенін, шығыс әдебиетінде ежелден бар назиралық дәстүрді берік ұстанып, данышпанның тереңіне бойлап, күрделі лебіздерін шешуді, Абайды тану мен жұртқа танытуды мақсат тұтқанын көреміз. мысалы, «Дәлеилул-ғақлиядағы» бесінші өлеңін Ақыт Үлімжіұлы Абай хәкімнің өлеңімен түрлендіріп, өз өрнегімен толықтыра түседі.

Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңіне назар аударсақ:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.

...

Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың...– деп, сол заманда халқымыздың қамын ойлап, елінің бостандығын, теңдігін аңсап, ақындық намыспен, азаматтық оймен, ұлтына деген күйінісін көреген ойларымен жырлайды.

Абай салған ізбен Абай өлеңін түрлендірген Ақыт Үлімжіұлы былай жырлайды:

Қайран жұртым қазағым, қалың елім,
Бет көрісіп сөйлескенде бәрің көрім.
Тоқтау сөз, берекелен кеткеннен соң,
жеке-жеке сандалып түсті белің.
Өркім жымып өз бір жеке ойменен...
...бас-басыңа би болып, алты бас боп,
Қарашы быт-шыт болып тозғаныңды.
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,

Ойламасаң қайта адам болмағыңды-деп, мұндағы жасап жатқан қазақтардың жоғын жоқтайды (Қазақ әдебиеті, 2010: 6).

Абайды өзіне ұстаз тұтып, Абайша өлең жазған ақындардың бірі – Таңжарық Жолдыұлы. Таңжарықтың «Жаз мысалы» атты өлеңі мен Абайдың «Жазды күні шілде болғанда» атты өлеңін салыстырып көрелік:

Жаз шығып, жердің жүзі жайнағанда,
Жағалай жел, жотаны жайлағанда;
Самалды, сары дөңге желі тартып,
Иреkteп құлын, тайды байлағанда;
Бұл жайлауға шығып, бие байлап мәре-сәре болған ауылдың бір

көрінісі десек болады. Не болмаса:

Шуласа қорада қой, сыртта сиыр,
Желіде айғыр, бие қыңылдасып.
Қалың көш үздік-сөздік жөнелгенде,
Қақтығып байлау-бақан дыңылдасып.

Немесе:

Ит үріп, бала жылап, өгіз тулап,
Жүк ауып, оны басып, сиыр қашып.
Бұрын кеп ақсақалдар қоныс шалып,
«Жайлау жайлы болсын,-деп!» ырымдасып.
Бастыра көк шалғынды жүк түсіріп,
Дем алып, сусын жұтып, тынымдасып.
Көтергіп бір жігітке шаңырақты,

Қыз, қатын уық шаншып қылмындасып, - дейді. Көшпелі қазақ ауылының қымқуыт, абыр-сабыр тірлігі дәл суреттеледі. Төгіле жалғасқан тоқсан тармақтан тұратын толғауда табиғат аясында отырған қазақ қоғамының көшпелі өміріне тән жазғы тіршілік әрекеті бейнеленген. Міне, бұндай – нағыз шынайы, таныс сурет, табиғи көрініс Абай өлеңдерінде бар. Нақтырақ айтқанда Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» атты атақты өлеңінде көшіп келіп қонып жатқан ауыл көрінісі барынша табиғи суреттелетіні белгілі. Мәселен, бір-екі шумақты келтірейік. Онда мынадай жолдарды оқуға болады:

...Шұрқырап жатқан жылқының,
Шалғыннан жоны қылтылдап.
Ат, айғырлар, биелер,
Бүйірі шығып ыңқылдап.
Суда тұрып шыбындап,
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап... (Әбілқажұлы М, 1991: 123)

Екі өлеңнің қалай қиысып, қалай туысып тұрғаны ап-айқын көрініп тұр. Екеуінде де жайлау үстіндегі көшіп-қонған жазғы ауыл тіршілігі өте әдемі суреттеледі. Бұлардағы үндестік, сарындастық туралы профессор А.Қалиұлы «Абай поэзиясы...» атты зерттеуінде: «Бұдан да үндесіп, тамырласып тұрған жері, екі ақынның соншалық көп көрініс, мол қимыл, алуан тіршілікті сыналап аз өлеңге сиғызуында; тынымсыз қозғалыс күйін аңғартатын етістіктен ұйқас құрауында... Екі өлеңнің әр жолында бір қимыл, бір тіршілік бар. Бұлар жөніндегі баяндау мен суреттеу өзара кірігіп, баяндау арқылы қимыл, тіршілік дами түседі де суреттеу арқылы қимыл, тіршілік сурет болып көз алдыға елестейді», – деген тұжырым пікір айтады (Әбілқажұлы М, 1991: 123).

Көптеген ұлттардың әдебиет тарихында мынандай құбылыс бар. Ұқсамаған дәрежедегі екі жазушының жазушылық стилі ұқсап қалмастан қызығуыда ұқсап келген сондай-ақ тұрмыс жолдарында да кейбір ұқсастықтар сақталған, Ақыт қартайған шағында жазған философиялық өлеңдерінің құрылысы Абайдың өлеңіне ұқсап кетеді, тіпті кейбір сөйлемнің құрылысы, сөз қолданысы абайға ұқсап кеткен сондықтан Ақытты зерттеу арқылы Абайдың еліміз жазушыларына жасаған ықпалын тіпті де жақсы түсіне аламыз (Қабай, 2019: 359).

Ақыт Семейге барып Абайға амандасып, сәлем бере барген. Оның мына бір өлең жолдарынан Абайға шексіз құрметін көре аламыз.

Ақындар бізде бұрын өткен талай,

Әсіресе Құнанбай баласы Абай.

Солардай өткір сөзді таппаса да,

Ойымды жеткізеіні құрай жамай, – деп жазған (Медхәт Разданұлы, 1987: 143).

Абай адамды адамнан оздыратын, – ғылым, шамаң келсе, білім иесі бол. Өзіңнен ақылы жоғарыдан сабақ ал. Сондай қасиетті нәрсеге елікте деп жөн сілтейді. Адам білімге талпынбаса, ұмтылмаса, оның хайуаннан жайы қанша артық дейді. Сол ғылымды қазаққа оқып үйренуге түсіндіреді:

«Болмасаңда ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеңіз.

«Ондай болмақ қайда» – деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз.

Сізге ғылым кім берер,

«Жанбай жатып сөнсеңіз».

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім, ғылым өзі де адамға мейірленеді, тезірек қолға түседі, – деп үгіттейді Абай.

Таңжарық пен Әсет арасында осындай ұқсастықты бағалай аламыз. Мәселен, ол екеуі де халық айтыс ақыны секілді суырып салып өлең айта

алады, ырғақ пен ұйқасқа төтенше мән берген, екеуі де аламан айтыс ақыны, Әсет пен Біржанның айтысы жұмбақ өлең айтысының ғаламат айтысы деп қаралады. Таңжарықты Ұлжалғаспен болған айтысы өрелі айтыс қатарына кіреді. Адамды таңғалдыратыны екеуі де Абайға табынушылар, Әсет Абайдың оқушысы мұны айтпасақта елге мәлім. Таңжарық Абайдың өлеңдерін өзінің үйрену үлгісі етіп, Абайды ұстаз тұттым деген. Әсет Абайдың туған жерінен еліміздің қазақ ұлты болыстарына келіп мәдениет таратады. Ал Таңжарық қиырдың өзін алыссынбай, Қазақстанға барып үйреніп алға басар мәдениетті ала келген. Екі елдің мәдениет алмастыруына екеуі де үлкен, біршама рөл атқарады. Уақыт бойынша талдап көрсек, Таңжарықтың әдебиеттегі іс-әрекеті, Әсетпен іркес-тіркес қатар жүргізілгенін көреміз, сондықтан Таңжарық Әсеттен әдейі үйренгелі іздеп барған деуге толық негіз бар.

Әсет Найманбайұлы 1864 жылы Қазақстанның Семей облысында өмірге келіп, жас кезінде Абаймен танысып, дидарласқан. Абайдың алымды шәкірттерінің бірі. Абайдың «Әсетке» деген өлеңінде Әсеттің үйренуге деген ықыласы мен ниетін марапаттаған болатын. Әсет Абайдың әдебиет-көркемөнер идеясының адал мұрагері және оны үгіттеушісінің бірі. Әсет осы сипатымен еліміздің Алтай, Тарбағатай, Іле, Бұратала секілді қазақ қоныстанған орындарда сейіл құрған. Аңыздарға негізделген ойларға назар салсақ, ол барған әдебиет әуесқойлары қызғын қарсы алып, күндіз-түні одан тәлім алады. Іле ауданындағы Рахымжан Мешпетұлы, Алтайдың ақыны Қормал, Ыбырай, Идаш, Рахым секілді азаматтар өздерін Әсеттің шәкіртіміз деседі екен. 1916 жылы Әсет отбасымен Тарбағатайдағы найман руына қоныс тебеді. 1923 жылы Іленің жайлауында дүниеден өтеді.

Әсет ақынның жасампаздығында адамдарды таңғаларлықтай нәтиже болғанын көре аламыз. Оның уәкілдік шығармасы «Салиқа мен Сәмен» көркемөнерлік, тілдік оралымы жағынан тамаша жоғары деңгейге жеткен. Бұдан басқа «Ағаш ат», «Француз патшасы» дастандары мен суырып салма көптеген өлеңдері бар. Әсеттің дауысы асқақ, өлең жаратқанда ырғаққа мән береді, оның өлеңдерінде музыкалық сезім мол, жаттап ән орындап айтуға да болады. Тындағандар қатты ұнататын, сарапшылар оның өлең жазу стилі Абайға ұқсап кететіндігін өз пікірлерінде жиі айтады. Әсет жүйрік айтыс ақыны, көптеген азулы ақындармен айтысқа түскен. Бүгінгі таңда жұрт арасына таралып жүрген оннан астам айтыстары бар. Осының ішінде «Әсет пен Ырымқанның» айтысы – жұмбақ айтыстың классигі десек қателік емес. Қазақстанда түрлі әдебиет оқулықтарына енгізіліп, алғашқы үйренушілердің сөзсіз оқитын айтысына айналып отыр.

Әсеттің шығармашылық кезеңі дәл Абай мен Таңжарықтың арасында болған. сондықтан Әсет қазақ әдебиетінің алдыңғыға мұрагер кеиінгіге

бүйдәгер, Қытай мен шетелдерді байланыстырған жазушы және ақын деп танысақ болады.

Ұлы Абай мұрасын бойына сіңірген, үйренген Таңжарық жыл мезгілдерінің өзіндік сыр-бояуларын бедерлі де беинелі суреттейді. мұндай мезгілге тән бояуларды дәл тауып ақындық тәпкірлікпен әсерлі беинелеітін суреттер Таңжарық өлеңдерінің өн бойынан табылып отырады. өйткені ол – «өлеңдерінен обыразды ой туындатып, мезгілдің өзіне белгі боларлықтай элементтерді жанды игеріп, образдандыра білетін суреткер ақын (Қалиұлы А, 1995: 140).

Абай мұрасы ҚХР қазақтарының рухани толысуы, даму, жетілуі жолындағы негізгі тірегі болды.

Таңжарық Абай шығармаларын көп оқығанын, Абайды өзіне ұстаз тұтып, кеіде Абайша жыр жазғанын білуге болады. Абайдың «жазғытұрым», «қыс», қатарлы өлеңдері мен Лермонтовтән аударған «теректің сыйы» сынды шығармасы мен Таңжарықтың «іле сипаты» атты өлеңінде бір-біріндегі теңеулердің үндесуі мен тамырластық бар. алайда, Таңжарықтың кеііштеу тәсілін қолданудағы өзіндік ерекшелігі байқалады.

Күн күліп барша әлемге шатшты нұрын,
Кіргізіп табиғаттың қашқан сұрын.
Жағалай босағаны жымың қағып,
Күйеудеі қайынына келген ұрын.
Шікпенен бетін жуып, жер түрленіп,
Күтінді қалңдықтай күні бұрын.

Абай мен Таңжарық та бұл өлеңде күнді – күйеу, жерді – қалыңдық ретінде суреттеіді. бырақ, айтылуы бір күн бөлгәнімен, екеуіндегі күннің мағынасы екі түрлі. Абай күнді барша әлемнің кіндігі, патшасы ретінде бағаласа, жерді – тіршілік атаулының анасы ретінде суреттеіді; Таңжарық өлеңіндегі күн – реәл өмірдегі көн ретінде суреттеледі.

Абайдың рухани мұрасын бойына сіңіріп, оны үлгі, өнеге тұтқан Таңжарықтың кеі өлеңдерінен Абай өлеңдерінің әсері байқалады. 1983-жылы Таңжарықтың дүниеге келгендігінің 80 жылдығын еске алу барсында шинжияң ұйғұр автономиялы райондық әдебиет көркөмөнер бірлестігі кең көлемдегі еске алу қимылын өткізген. содан кеіін Таңжарықтың мақалалар жинағы баспадан шықты. өлеңдері ханзу тіліне аударылып Таңжарық ғылым саласының назарын аударған.

Абайдың нәтижесі көп жақтарда беинеленеді қазақ ұлтында ол философиялық, саяси, екөнөмикә, ғылым, оқу-ағарту, дін қатарлы жақтардағы беімделулері сол заманда жоғары өреге көтерілген. сондықтан Абайды ұлы ойшыл, демөкрөтияизімнің аға буыны деіміз. ал әдебиет жағында Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, өлең жасампаздығы, өлең сыны жаңа бір

істілді жасап берді. сондықтан менше болғанда Таңжарықты зерттеген кезде Абайдың оған жасаған ықпалын бағалауымыз, Абайдың сыншыл риялистік жасампаздық әдісін Абайдың өлең сыны және естетикелік арманы, ҚХР қазақтарына 30–40-жылдардағы қазақ білімін тарқату ақуалын және оның ерекше мәнін түсінуміз керек. бірәк олардың арасында қатарға тұрғызылып жоғары-төмен белгілеуге болмайды. Таңжарық тірісінде «Абай озымның ұстазым» деген. онда Таңжарық Абайдың шәкірті, қазақты түсіндіретін адамдардың барлығы қазақ әдебиет тарихында Абайдың шәкіртімін деу әдеттегі абырой екенін білдіреді.

20-ғасырдың 40-жылдары шинжияңның әскери әкімшілік ұқығын меңгерген. чын шисай көмнистік партияның селбесуінде «светке жанасу» деген дін саясатын белгілеген сол себепті қазақыстанның кітәптәрі шектеусіз түрде шинжияң районуна келе алатын болған. еліміздегі қазақ оқырмандары сенімді түрде арапша ерекше басылған Абай шығармаларынан сусындаған еді. Абай өлеңдері олардың қызығып оқитын шығармасы болып қалыптасқан. сәтті түрде орта-бастауыш мектеп кләстәріне кірген Абай өлеңдеріндегі философиялық асыл сөздер адамдар ақылына сөзсіз енген. кеібір қазақ ақсақалдары Абайдың тәрбиелік мәнге ие білім тарату мазмұндары жөніндегі асыл сөздерді оқығанда олар оң қолына алып кеудесіне басып Абайға құрмет еткен қәзірге дейін тарихи жағдай аумалы-төкпелі болып қоғамдық түзім өзгерседе Абай қазақыстандағы адамдардың жүрегіндегі орны құлдырап қалмай қайта тіпті аспандап отыр. қазақыстанда Абай халықтың құрмет тұтатын өлең піріне және рухани көсеміне айланып болған. ал ҚХРда 20-ғасырдағы қазақ тілімен жазатын жәзушіләрмен ақындардың әлде қайсысы Абайдың шығармаларынан үйреніп жасампаздық жолына түспегені жоқтың қасы еді.

Нәтижелер және талқылау

Абай мұрасының Қытай қазақтары әдеби тілінің қалыптасуындағы рөлі.

Қазақ әдеби тілі-өрнекті, үлгілі қалыптасқан нормасы бар тіл. Ол жалпы халықтық ана тіліміздің көркем әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылым салалары мен іс қағаздарында қолданылатын жүйге, қалып-нормаға түскен нұсқасы. Қазақ әдеби тілінің бастау алған кезеңдерін анықтау алдымен қазақтың төл көркем әдебиетінің алғашқы нұсқаларымен тығыз байланысты.

Қазақ әдеби тілінің қалыптасуын біренше кезеңнен тұрады. Соның ішінде Абайдың заманы XIX ғасырдың 2-ші жартысы қазақ әдеби тілінің даму бағыты айқындалған кезең болды. Жазба әдеби тілдің кез-келген халықтың ұлт ретінде қалыптасуына, одан ары бірігіп біте қайнасуына ұйтқы болатын фактор екендігін ерте таныған ұлтымыздың дана перзенттері Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы ұйтқылық қасиетті Шағатай тілінен емес,

кейінгі ескі кітаби тілден де емес, сан ғасырдан қазақ поэзиясына қызмет етып келе жатқан төл әдеби тіл мен халықтың сөйлеу тілінен байқап, қазақтың сол қолтума байырғы әдеби тілін қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің арқауы етті әрі оны көркем тіл кестесіне түсіріп, жаңа өң беріп, мәиегін қалыңдатып, қуатын барынша арттырды. Сөз кестесіндегі әрбір тілдік элементтің жалпыға таныс ортақ мәндерімен бірге ішкі мүмкіндіктерін ашып, әдеби көркемдеу тәсілдерінің тың үлгілерін жасады, сол арқылы ұлттық жазба тіліміздің негізін қалап, жалпы әдеби тілдің ауқымын кеңейтіп, жаңа сапада дамуына жол салды. Абай қазақ тілін «өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас» деп өте әділ бағалайды. Шындықты айтсақ, жаңа сападағы осы жазба әдеби тілімізді дұрыс бағалаудың да және меңгерудің де алғашқы үлгісін ұлы Абай жасады. Осы үшін де біз Абай рухына мәңгі бас иеміз.

Төртінші кезең: Қазан төңкерісінен кейінгі мезгіл. Қазақтың қазіргі әдеби тілі алдымен Қазақстан жерінде қалыптасып, бірте-бірте көрші елдердегі, соның ішінде ҚХР-дағы қазақтар арасында да базар тапқаны мәлім. Бұл тұстағы қазақ әдеби тілі халыққа білім берудің, мәдени, рухани мұраларды жасаудың қуатты құралына айналып, қоғамның барлық салаларына қызмет етті. Қазақтан шыққан көркем сөз зергерлерімен қатар, ғылым, мәдениет, қоғам қайраткерлері де әдеби тіл нормасының тұрақталуына, әдеби тіл қызметінің жан-жақты күшейе түсуіне белсене ат салысты. Соның арқасында қазақ әдеби тілінің нормалары жүйеге келтіріліп, тәртіптенумен қатар, сөз тудыру, халық тілінің қорындағы сөздерді сұрыптап қолдану, басқа тілдерден сөз қабылдау принциптері жетілдірілді. Қазақ тілінің грамматикасы жазылып, еміле ережелері белгіленді. Еміле, айтылым сөздіктері және түсіндірме сөздіктер құрастырылды. Ғылым салаларының терминологиялық сөздіктері, жалпы мағлұматтық анықтамалар және энциклопедиялар жасалды. Ұлттық әдеби тілімізді сөз шеберлеріміз өнер дүкенінде шындап, өңдеп көптің көкейінен орын алатындай етіп қалыпқа түсірді. Ол күні бүгін халқымыздың өміріндегі бүкіл әлеуметтік қызметтың негізгі салаларындағы қарым-қатынас қажетін толық қанағаттандырып келед. Бұл арада әдеби тілдің міндетіндегі екі негізгі қызметтің басын ашып алғанымыз жөн. Әдеби тілдің бірінші қызметі-адамдардың өзара ұғысуына, пікір-ой ауысуына мүмкіндік жасау. Бұл ғылым тілінде әдеби тілдің коммуникативтік қызметі деп аталады. Енді бірі-адамның сезіміне әсер ету. Бұл ғылым тілінде әдеби тілдің экспрессивтік-эстетикалық қызметі деп аталады. Жалпы халықтық тіл саяқты, әдеби тілдің де өмір сүру нысаны екеу-бірі ауызекі сөйлеу тілі, енді бірі жазба тіл. Әдеби тіл деген ұғым мен жазба тіл, жазба әдеби тіл деген ұғымдар бір-бірімен қарым-қатынасты, байланысты болып келгенімен, тепе-тең бір емес. Жазба тіл-тек әдеби тілдің даму дәрежесінің көрсеткіші. Сол саяқты әдеби тіл үшін стилдік-жанрлық тармақтары бар деген белгі де әдебиліктің емес, әдеби

тілдің даму дәрежесінің сапалық көрсеткіші болып саналмақ. Сондықтан қазақ әдеби тілінің тарихы өте арыда, тамыры да тым тереңде деп үлкен сеніммен ашық айта аламыз. қазір ұлттық әдеби тіліміздің жазба түрінің өзі көркем әдебиет стилі, көсемсөз немесе газет-журнал стили, ғылыми әдебиет стилі, ресми іс қағаздар стилі төрт-бес әдеби стилге бөлініп үлгерді. Сонымен қатар, ауыз екі сөйлеутүрінің де қызметі көбейіп, стилі әбден орнықты. Әдеби тілдің жазба түріне сәйкес жиналыста, радио мен теледидар алдында, сахнада, кино қойылымдарда сөйленетін ауыз екі түрінің де қызметы кенейе түсті. Сөйлеу тілі негізінде қалыптасқан ұлттық әдеби тіліміздің жазба және сөйлеу осы екі түрі әр қашан бір-біріне кереғар бола алмайды. кітап тілінің элементтері баспасөз арқылы дыбыстық сөздердің барлық түріне енген. Олар бір-біріне әлі де ықпал етіп, қарым-қатынас жасап отырады. Өзара тығыз байланыста дамиды. Әдеби тіліміздің жазба, ауызекі сөйлеу түрінің әр екеуі де қолданушының редакциясынан өтіп өңделген жатық болуға тиіс. Тіл мәдениет-азамат келбетінің айнасы. Ол жеке бастық инабатыңа ғана емес, ұлт тағдырына, ұрпақ келешегіне саятын күрделі ұғым. Өз ана тілін дұрыс сөйлей немесе жаза білмейтін адамды туған халқының шын мәніндегі мәдениетті, білімді азаматы деп айту қиын. Тіл мәдениеті тіл тазалығын да қамтиды. Сондықтан осы арада лексикамызда жоқ болсада, ұлттық баспа сөзімізде қолданыста жүрген немесе ұғым шатысқан біраз сөздердің басын аша кету артық болмайтын сяқты (Кәкеш Қайыржанұлы, 2010: 19).

Абай бар шығармаларын туған халқының ана тілінде жазған, Абайдың тілі күллі қазақтың әрі ана тілі әрі әдеби тілі, сондықтан Абай шығармалары дүние жүзі қазақтарына ең алғаш таралды, Қытай мен Қазақстан іргелес, жақын көрші ел болғандығы себепті жиі-жиі қарым-қатынастардың нәтижесінде Абай өлеңдері ақынның көзі тірі кезінен бастап ауыздан-ауызға және қолжазба күйінде Қытай қазағына кең таралған. Мұның бір айғағы ретінде, жазушы Бұлантай Досжанұлының «Ұлы ақын Абай» атты зерттеу еңбегінде: «Тарбағатай аймағының Толы ауданында әдеби мұраларды тексеру-жинау барысында Абайдың Қазақстан баспа сөз беттерінде өзіміз кезіктірмеген өлеңінің шумағы халық жүрегінде жатталып, сақталып қалған. оны айтып берген Абдолла ақсақал. Өлең былай:

Кәріліктің алды елу, арты сексен,
Өлгеннен соң боларсың жерменжексен.
Құнанбайдың Абайынан көрдік деуш ең,

Мен кеттім, енді орныма егін ексең.» (Бұлантай Досжанұлы, 1998: 109) – деп халық арасындағы ауыздан-ауызға таралған Абай өлеңдерінен мәлімет береді.

Өсет Найманбай, Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбай, Жүсіпбек Қожа Шайықсылам қатарлы арғы-бергі беттерге табаны тиіп, өнердің

пұшпағын илеп жүрген көптеген ақын-жазушылардың Абайды зерттеуі, Қытай қазақтарына үгіттеуі қазақ халқына ғана емес Қытай топырағында жасап жатқан басқада ұлт өкілдеріне дәнекерлік рол атқарды. Қытай топырағында Абай туралы кітаптар қайта-қайта басылып, саны, мазмұны жағынан жыл сайын молықты. Көдек Маралбайұлы, Әсет Найманбайұлы, Танжарық Жолдыұлы, Асқар Татанайұлы, Омарғазы Айтанұлы, Мағаз Разданұлы, Құрманәлі Оспанұлы, Боздақ Дүрбенбетұлы қатарлы акындардың бәрі де Абайдан үйренді. «Боздақ Дүрбенбетұлының «Мәңгі өзіңе арнаймын» деген өлеңінің бір шумағын оқып көрейік:

Қабыл болып тілек,
Мұңсыз боп жүрек,
Халқыма бақыт қонған шақ,
БАқытты заман,
Мау жуши данам,
Өлшейтін шырақ жанған шақ.
Күреспен өтер өмірім,
Армансыз шат боп көңілім.

Көріп отырсыздар, «Сегіз аяқтың» аумаған дәл өзі емес пе! өлеңдік құрылым, буын, бунақ, жол саны жағынан «Алыстан сермептен» ешқандай айырмасы жоқ, бейне соның үлгісі мен қалыбы. Поэзиялық суреті жағынан да «Алыстан сермептен» сықылды тапқырлық ойға, лепті сезімге толы.» дейді (Бұлантай Досжанұлы, 1998: 112). Яғни ҚХР-дағы қазақтарға Абай ықпалы терең болды, Абай мектебі ерте қалыптасып, Абай поэзиясы Қытай Қазақ әдебиетіне жаңа мазмұн, жаңа түр енгізді.

Қорытынды

Қытай мен Ресей сынды екі империя шекара белгілеп, жұрт екі жаққа бөлінгенімен екі елге қараған қазақтар арасындағы барыс келістің үзіліп қалмағаны тарихтан белгілі, Қытай қазақтары деген ұғым патшалық Ресей мен Чиң патшалығының 1881 жылы қазақ жерін екіге бөлген «Петербург келісімінен» соң қалыптаса бастады. Алайда, ежелден еншісі бөлінбеген бір текті, бір тілді халықты шегара сызығы айыра алмады. Екі елдегі қазақтың рухани кеңістігінің алтын шынжыры үзілмеді. Алтай тауларын айналып аққан Ертістің екі жағын ен жайлаған елдің төскейде малы, төсекте басы косылып, ауылы аралас, қойы қоралас өмір сүрді.

Қытай қазағының баспа орындары құрылған сонау 1930-жылдары газет-журналдарда Абайды жариялау басталған. Қытай қазақтарының жазуы мен баспа ісіне Абай әдебиеті үлкен әсер етті. Бұған Абайдың әдеби кеменгерлігін тану, бағалау, оның ой-пікірлерін тарату, Абайдың жазу стилін насихаттау үлкен рөл атқарды.

Абай шығармаларының ҚХР дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орны бөлек. Әсет Найманбай, Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбай, Жүсіпбек Қожа Шайықсылам Асқар Татанайұлы, Омарғазы Айтанұлы, Мағаз Разданұлы, Құрманәлі Оспанұлы, Боздақ Дүрбенбетұлы қатарлы ҚХР-дағы Қазақ жазушылары Абай мектебінен сусындаған. Абай және оның шығармалары ҚХР-дағы қазақ әдебиетшілері мен тығыз байланысты болып оларға тікелей ықпал жасаған.»

Абай – Қазақстан қазағына ғана әсер етіп қалмастан ҚХР-дағы қазақтарға, тіпті жербетіндегі жер бетіндегі күллі қазақ балоасына бірдей әсер жасаған ұлы тұлға.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Рахметоллаұлы, М.** Абайдың мәдени-ағарту көзқарасы, – Үрімжі : Шынжаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы. 1995, 4 сан. – 12 б.

2 **Қабай, Абай жана Абай тану ғылымы, –** Бейжиң: Қытай халхаралық радио, 2019. – 132, 59, 305, 359 б.

3 **Сейітжанұлы, З. Н.** Шыңжаң қазақ әдебиеті. – Алматы : Қазақ университеті, 1999, – 172 б

4 **Мазан, Ерлан, Сіламжан, Е.** «Абай шығармаларының Қытай еліне таралуы мен зерттеуі». – Астана : Еуразия ұлттық униуерситеті, 2020. – 19 б.

5 **Ахметов, З. А.** Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. – Алматы : Қазақстан даму институты. 1999. – 6 б.

6 **Разданұлы, М.** Абай әулеті және өмір баяны еңбегі, – Бейжиң : «Алқап» журналы, 1987. – 143 б.

7 **Қалиұлы, А.** Абай поэзиясы Қытайда // Абай парасаты.– Құлжа : Іле халық. 1995. –2-40-83-140 б.

8 **Әбілқажұлы, М.** Таңжарық шығармаларындағы стилистикалық тәсілдердің қолданылуы, . – Үрімжі : «Шұғыла» журналы, 1991. – 123–145 б.

9 **Бөкейхан, Ә.** «Абай (Ибраһим) Кунанбаев», – Алматы : Атамұра, 1995. – 308 б.

10 **Тоқтаубайұлы, М.** Ақын Таңжарық өлеңдеріндегі суреткерлік өнер, – Құлжа : Іле педагогикалық институты ғылыми журналы. – 1991. – 40 б.

11 **Қайыржанұлы, К.** Әдеби тіл туралы ой бөліссек, – Үрімжі : Шынжаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы, 2010. – 19 б.

12 **Досжанұлы, Б.** Ұлы ақын Абай. – Бейжиң : Ұлттар, 1998, – 109–112 б.

13 **Сейсенқұлұлы, Ә., Кенжеқожаева, А. М., Төлеубаева, К. А.** «Абайтану» ғылымы және қытай қазақтарының абайды тануы. – Алматы : еурэзия гумәнитәрлік институтының хабаршысы. – 2024, – № 1, – 200б.

References

- 1 **Rakhmetollauly, M.** Abaidyn madeni-agartu kozkarasy [Abai's Cultural and Educational Views] – Urumqi : Xinjiang Higher Education Institutions Scientific Journal, 1995, Issue 4. – 12 p.
- 2 Kabay. Abai jana Abai tanu gylımı [Abai and the Science of Abaitanu] – Beijing : China International Radio, 2019. – 132, 59, 305, 359 p.
- 3 **Seyitjanuly, Z. N.** Şıńjan qazaq әdebieti [Xinjiang Kazakh Literature] – Almaty : Kazakh University, 1999, – 172 p.
- 4 **Mazan, Erlan, Silamjan, E.** Abai şıǵarmaların Qıtay eline taraluı men zertteui [The Spread and Study of Abai's Works in China] – Astana : Eurasian National University, 2020, – 19 p.
- 5 **Akhmetov, Z. A.** Qazaq әdebieti [Kazakh Literature. Encyclopedia] – Almaty : Kazakhstan Development Institute, 1999, – 6 p.
- 6 **Razdanuly, M.** Abai әuleti және өmir bayany enbegi [Abai's Family and Biography] – Beijing : «Alqap» Journal, 1987, – 143 p.
- 7 **Kaliuly, A.** Abai poeziyası Qıtayda [Abai's Poetry in China] // Abai's Wisdom. – Kuldja : Ili People, 1995. – 2-40-83-140 p.
- 8 **Abilqakuly, M.** Таńjaryq şıǵarmalarındaǵı stilistikalıq тәсілдердиң qoldanluı [The Use of Stylistic Techniques in Tangjariq's Works] – Urumqi: «Shugila» Journal, 1991. – 123–145 p.
- 9 **Bokeikhan, A.** Abai (İbrahim) Kunanbaev [Abai (Ibrahim) Kunanbayev] – Almaty : Atamura, 1995. – 308 p.
- 10 **Toktaubayuly, M.** Aqın Таńjaryq өлеңдеріндеǵı suretkérlik öner [The Artistic Creativity in the Poems of Poet Tangjariq] – Kuldja : Ili Pedagogical Institute Scientific Journal, 1991. – 40 p.
- 11 **Kairzhanuly, K.** Әdebiiy til turalı oy bölissek [Thoughts on Literary Language] – Urumqi : Xinjiang Higher Education Institutions Scientific Journal, 2010. – 19 p.
- 12 **Dosjanuly, B.** Üli aqın Abai [The Great Poet Abai] – Beijing : Nations, 1998, – 109–112 p.
- 13 **Seysenquly, O., Kenjeqozhaeva, A. M., Toleubaeva, K. A.** «Abaitanu» gylımı және qıtay qazaqtarınıñ abayı tanuyı [The Science of Abaitanu and the Knowledge of Abai among Kazakhs in China] – Almaty : Journal of the Eurasian Humanities Institute, 2024, – Issue 1, – 200 p.

17.11.24 ж. баспаға түсті.

24.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*О. Сейсенқулулы¹, О. Абдиманулы²

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 17.11.24.

Поступило с исправлениями 24.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

МЕСТО ТВОРЧЕСТВА АБАЯ В РАЗВИТИИ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКИ

Духовное наследие Абая в настоящее время становится духовным достоянием всего человечества. Имя Абая стоит рядом с Шекспиром, Пушкиным и Гете на вершине мировой литературы. Общеизвестен факт, что Абай – великий человек, создатель казахской письменной литературы. Просветительские идеи Абая и школа Абая оказали большое влияние на формирование и развитие письменной литературы в КНР, просветительские идеи Абая идут рука об руку с образованием. Трудовое воспитание он понимал как основу обучения и воспитания. Абай призвал молодежь заниматься наукой и образованием, а не лениться. Просвещенные идеи Абая открыли для китайских казахов прекрасный путь к изучению науки и образования. Другие казахские писатели КНР, такие как Асет Найманбай, Танжарик Жолдиулы, Кодек Маралбай, Жусипбек Кожжа Шайксылам Аскар Татанулы, Омаргазы Айтанулы, Магаз Разданулы, Курманали Оспанулы, Боздак, Дурбенбетулы, все учились в школе Абая, и его произведения тесно связаны с казахскими писателями КНР и оказывают на них непосредственное влияние. Считается, что творчество Абая занимает особое место в развитии казахской литературы КНР.

Анализ места и процессов творчества Абая в формировании духовно-культурного цивилизационного пространства китайских казахов с литературной, исторической и социально-культурной точки зрения был проведен.

Ключевые слова: Абай, произведения Абая, КНР, казахские писатели, казахская литература, Асет Найманбай, Танжарик Жолдиулы.

**Wumuerjiang Saishanhuli*¹, **Omirkhan Abdimanuly*²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 17.11.24.

Received in revised form 24.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

THE PLACE OF ABAY'S WORKS IN THE DEVELOPMENT OF KAZAKH LITERATURE IN THE PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA

Abai's spiritual heritage is currently becoming a spiritual treasure of the whole humanity. Abai's name stands alongside Shakespeare, Pushkin and Goethe at the height of the world's literature. It is a well-known fact that Abai is a great person who founded Kazakh written literature. Abai's educational ideas and the Abai school greatly influenced the formation and development of written literature in the PRC, Abai's educational ideas go hand in hand with education. He understood labor education as the basis of learning and education. Abai urged young people to learn science and education instead of being lazy. Abai's enlightened ideas opened a great way for Chinese Kazakhs to learn science and education. Other Kazakh writers in the PRC, such as Aset Naimanbai, Tanzharik Zholdiuly, Kodek Maralbai, Zhusipbek Kozha Shaiksylam Askar Tatanaully, Omargazy Aitanuly, Magaz Razdanuly, Kurmanali Ospanuly, Bozdak Durbenbetuly, all studied at Abai's school. and his works are closely related to the Kazakh writers in the PRC and directly influenced them. Abai's works are considered to have a special place in the development of Kazakh literature in the PRC.

An analysis of the role and processes of Abai's works in shaping the spiritual and cultural civilization space of Kazakhs in China has been carried out from literary, historical, and socio-cultural perspectives.

Keywords: Abai, Abai's works, PRC, Kazakh writers, Kazakh literature, Aset Naimanbai, Tanzharik Zholdiuly.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz